

К.С. Ермагамбетова\*

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан  
(e-mail: e.kuralai@yandex.kz)*

## **Приозерсктің қалалық кеңістігін мәдени-философиялық талдау: полигон орталығынан мәдени және тарихи жақты қайта жаңғыртуға дейін**

Мақалада посткеңестік қалалардың қайта құрылу үрдісін жүзеге асырудағы ревитализация, реновация және джентрификация тәсілдері зерделенген. Бұл тәсілдер қала кеңістігін қалпына келтіру мен жанарту үрдісін іске асыруда тарихи оқиға мен мәдени жақты жаңғырту құралдарын пайдаланады. Осы тәсілдерді мәдени-философиялық тұрғыда зерделеуге себеп болған «әлемдік жады» мәселесі. Ол «ұмыту», «жойылу», «жарақат» сияқты ұғымдармен байланысты күрделі мәселелерді қамтиды. Соның бірі қазақ жеріндегі жарақатты жадыға айналған полигон орындары. Бір кездері әскери немесе өндірістік хаб ретінде қызмет еткен қалалар жойылғаннан кейін жаңа шындыққа, жаңа сұранысқа бейімделу қажеттілігіне тап болды. Сондай қалалардың бірі — Приозерск қаласы. Бұл жер әртүрлі әскери сынақтардың орталығы болды. Кеңес Одағының ыдырауымен және сынақтардың тоқтатылуымен Приозерск тарих пен мәдениеттегі орнын қайта қарау міндетін алдына қойды. Қаланың кеңістігі «травмалық» жақты алып жүр. Оның дәлелі — қаланың әскери функционалдығы. Қала аумағында жүргізілген полигондық сынақтар тек физикалық кеңістікте ғана емес, тұрғындардың мәдени жадында да із қалдырды. Шаһардың алдында мәдени-тарихи мұра мен мәдени дәстүрлерді, табиғи ландшафты сақтай отырып, өзінің келбеті мен функционалдық мүмкіндігін жаңарту мақсаты тұр. Автор мақалада Приозерск қаласының «полигон орталығы», «құпия және жабық қала», «әскери қала», «туристік орын» ретіндегі функционалды келбетін сипаттай отырып, мәдени-философиялық талдау жасаған. Мемлекеттік мәдени саясат контекстінде мәдени жадыны сақтауға және жандандыруға ерекше назар аударылған.

*Кілт сөздер:* жады философиясы, ревитализация, реновация, джентрификация, қала тарихи жады, мәдени жады, жады инфрақұрылымы.

### *Kipicne*

Әр қаланың қалалық кеңістігінің архитектуралық көрінісінде өзіндік мәдени жады, естелік бар, қала көшелерінде жүргенде айналамыздағы нәрселерге назар аудару бермейміз. Бірақ адам өзін қоршаған кеңістіктің тарихын білуі тиіс. Бұл қазір біз пайдаланатын заттарды жасаған ата-бабаларымыздың мұраларына құрмет көрсету деп білемін. Мәдени жадыны сақтау және қала тұрғындарын осы мәселеге баулу мемлекеттің мәдени саясатының мақсаттарының бірі. Әлеуметтік-мәдени қызмет саласының басым бағыттарының бірі — мәдени мұраны сақтау болып саналады. Әлеуметтік-мәдени қызмет адам өмірінің әртүрлі аспектілерін қамтиды: бос уақытты ұйымдастыру, мәдениет ескерткіштерін қорғау, ұлтаралық және мәдениетаралық ынтымақтастықты дамыту, мәдениетті басқару, білім беру, тұрғындардың жайлылығын қамтамасыз ету. Оның таралу спектрі көп. Дегенмен, жалпы айтқанда, қалалық кеңістіктің инфрақұрылымын жасау.

Қазіргі уақытта «өңірлердің тұрақты дамуы» [1, 2, 3] мәселесіне ерекше назар аударылуда. Осы бағыт бойынша бірқатар нормативтік құжаттар, мемлекеттік және өңірлік деңгейдегі ұзақ мерзімді даму тұжырымдамалары шығарылды. Өкінішке орай, қазіргі заманғы өнеркәсіптік қалаларда оңалтуды қажет ететін көптеген теңгерімсіз аумақтар бар, бұл теориялық және практикалық мәселе. Бүгінгі кезде қалалық кеңістік пен аумақтардың тұрақты дамуында әкімшілік биліктің қолдауы келесі бағытта жүзеге асырылады: индустриялық парктер мен ерекше экономикалық аймақты құру, қалалық аумақтарды белсенді абаттандыру, моноқалаларды кешенді дамыту, заманауи қалалық ортаны жасау, сондай-ақ аумақтарды оңалтудың әртүрлі тетіктерін пайдалана отырып, тұрғындарға жаппай қолайлы демалатын орындарды жайластыру, кеңістіктің тарихи-мәдени мұрасын сақтау. Бұл үшін экономикалық, экологиялық, әлеуметтік, мәдени және басқарушылық кешенді оңалту тәсілдері қажет.

\* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: [e.kuralai@yandex.kz](mailto:e.kuralai@yandex.kz)

Қаланың кеңістігін қалпына келтіру, тарихи-мәдени мұраларды сақтауда маңызды тәсілдің бірі — ревитализация және реновация. Бұл термин медицинадан шыққан және латын тілінен аударғанда «өмірге оралу» дегенді білдіреді. Қалалық кеңістікті, ортаны ревитализациялау және реновациялау қала құрылысын және оның құрамдас бөліктерін өзгертуге немесе жаңартуға бағытталған. Бұл құбылыстар мен үрдістердің біртұтас құрылымын құрайтын көп деңгейлі зерттеуді білдіреді. Яғни, қазіргі ғылымда қолданылатын инфрақұрылымдық зерттеу.

Зерттеу жұмысымыздың міндеті — Қазақстанның посткеңестік қалаларының инфрақұрылымының өзгеруі мен тарихи-мәдени мұраларды сақтау үрдістерінің жүзеге асырылуын талдау. Соның ішінде, Приозерск қаласының кеңістігі мен тарихи-мәдени мұраларын ревитализациялау және реновациялау технологияларын саралау. 1956 жылы КСРО-ның Қорғаныс министрлігінің 10-ншы ғылыми-зерттеу полигоны болып саналған жабық орын 2000 жылдың басында үлкен өзгеріске ұшырады. Жаңа қала жасау, оның тарихи-мәдени мұрасын сақтап қалу, «визиттік картасын» жасау мәселесі жергілікті әкімшілік, мемлекет үшін аса маңызды істердің бірі болып саналды. Өкінішке орай, бүгінгі таңда қала кеңістігіндегі нысандар сапалы қалпына келтіруді қажет етеді. Қалалық кеңістікті жаңарту мен мәдени мұраларды сақтау тетіктерін инфрақұрылымдық зерттеу және оның тәсілдерін талдау мақаланың негізгі мақсаты болып саналады. Аталған мәселенің жүзеге асырылуын талдау үшін зерттеу кейсі ретінде Қарағанды облысының Приозерск қаласы алынды.

Приозерск — Қарағанды облысының оңтүстік бөлігінде орналасқан шағын қала. Ол Балқаш көліне батысынан су құятын шағын Қоржынтүбек түбегінде орналасқан. Приозерск сөзінің қазақша аудармасының өзі «көл маңындағы қала» [4; 218] деген мағынаны білдіреді. Қазақстанның екі бас қаласын (Астана және Алматы) байланыстырады және М36 мемлекеттік автотрассасының жанында орналасқан [5; 210]. Мақалада инфрақұрылымдық көзқарасқа негізделі отырып Приозерск қаласының қалыптасу тарихынан бүгінгі күнгі трансформациялану үрдістері талданған.

#### *Зерттеу әдістері*

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарды ұзақ жылдар бойы посткеңестік қалалардың дамуы, қалалық кеңістіктің, мәдени ландшафтың қалыптасуы қызықтыруда. Өртүрлі әдістер мен тәсілдер, жаңа көзқарастар немесе ескі көзқарастардың қайта оралуын байқаймыз. Пәнаралық сабақтастық зерттеудің жаңа бағыттарын қалыптастырды. Қалалық кеңістікті зерттеудегі инфрақұрылымдық көзқарастың қалыптасуына көп уақыт болған жоқ. Дегенмен сәулет саласында, экономика, география ғылымдарында жиі қолданылады.

Мақаланың зерттеу әдістемесі инфрақұрылымдық зерттеу («Infrastructure studies») көзқарастарына негізделеді. Бруно Латурдың «акторлық-желілік теориясы» [6], Сьюзан Ли Старының «дуалды инфрақұрылым», «шекаралық нысан» теориясы [7], Джеффи Брукердің «шекаралық инфрақұрылым» [8], Брайан Ларкиннің «инфрақұрылым поэтикасы» тұжырымы [9], Лоретта Лис пен Рут Гласстың «джентрификация» тұжырымы [10], антропология мен архитектураның пәнаралық «реновация», «ревитализация», «реконструкция» теориялары мақаланың әдістемелік базасын құрайды.

Латурдың акторлық-желілік көзқарасының өзектілігі қазіргі кезеңінің шынайылығымен жанасады. Шынайы әлем барабар адамдармен немесе заттармен ғана емес, абстрактілі болып көрінетін конфигурациялармен толы, яғни «өнімдік» күш (идеология, дін, генетика, дәстүр және басқа) күй тәрізді актанттармен толы. Актанттарға көп саналы және тұрақсыздық тәрізді адами қасиеттер беріледі, олар тарихқа, мәдениетке, жауапкершілікке, темпераментке, жадыға ие [11; 3].

Инфрақұрылымдық зерттеу соңғы 20-30 жылда әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарда танымал трендке айналып келеді. К. Медеуованың пікірінше, инфрақұрылымдық зерттеу қалалық кеңістікті түсіну үшін жаңа сұрақтар қоюға мүмкіндік береді: билік формалары мен бәсекелестік, жаһандану мен локалдық, функционалдық пен тұрақтылық ара қатынасын зерттеу [12; 6]. «Infrastructure studies — бұл нысан емес, әдіс. Бұл қоршаған шындыққа қарау тәсілі, ол «бұл неге/немен байланысты?» деген сұраққа жауап іздейді» [13].

Инфрақұрылымдық зерттеу бірнеше интеллектуалды бағыттың әсерінен жасалды: біріншіден, үлкен техникалық және ақпараттық жүйелер тарихы (Large technical systems), технологияларды күнделікті нысан ретінде феноменологиялық түсіндіру, үлкен деректерді талдау (Big Data), қала кеңістігіндегі сәулет құрылысын түсіндіру, ғылым мен техниканы зерттеу, сонымен қатар, әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени байланысты зерттеу. Инфрақұрылымдық зерттеудің

негізінде тарихи-мәдени мұраны сақтай отырып, қалалық ортаны қайта құруға бағытталған ревитализация, реновация, джентрификация тәсілдері жатыр.

Қалалық ортаны ревитализациялау қолданыстағы қала құрылысын және оның құрамдас бөліктерін өзгертуге бағытталған. Бұл құбылыстар мен процестердің біртұтас құрылымын құрайтын көп деңгейлі зерттеуді білдіреді. Ревитализацияның мақсаты қала құрылысы, сәулет, көркемдік, әлеуметтік және мәдени мәселелерді ескілерін жаңарту және қолданыстағы қалалық ортаға жаңа элементтер қосу арқылы шешу.

Реновация — бұл көне сәулет ғимараттарын, тарихи-мәдени және табиғи мұраларды жаңарту, қайта қалпына келтіру үрдісі. Тәжірибелік іс-қимылды көздейтін инвестициялық жоба түрі болып саналады. Мақсаты — тарихи, сәулеттік, мәдени келбетін сақтай отырып, қалпына келтіру. Реновация үрдісі мәдени жадты, тарихи жадты, мұраны сақтауда маңызды орын алатын тәсіл болып табылады.

«Джентрификация» ұғымын 1964 жылы британдық әлеуметтанушы Рут Гласс өзінің «Лондан: аспекты изменения» атты еңбегінде алғаш рет қолданысқа енгізді [14]. Ол бұл терминді қаланың ішкі өзгерістерін сипаттау үшін қолданды. XX ғасырдың аяғында қала зерттеушісі Лоретта Лис «джентрификация — ол қала ішіндегі жұмысшылар аймағын, тарихи немесе мәдени бөліктерді, өнеркәсіп аймақтарын өзгерту немесе жаңарту» [7] деп түсіндірді. Өнертанушы В. Глазычев джентрификацияны қаланың ішіндегі арнайы алаңдарды, қала ішіндегі аудандарды тұтынушылық және коммерциялық бағытта әлеуметтік деңгейге байланысты абаттандыру, түрлендіру деп сипаттайды [15; 124]. Джентрификацияның мақсаты — қоршаған ортамен, тарихпен, мәдениетпен әрекеттесе отырып жаңарту, жаңа аумақтар, жаңа алаңдар жасау. Бұл ХХІ ғасырдағы бәсекеге қабілетті қалаларға қойылатын талаптардың бірі деп санаймын.

Зерттеу барысында инфрақұрылымдық көзқарасқа негізделі отырып, қалалық кеңістік пен тарихи-мәдени мұраларды зерттеу үшін ревитализация, реновация және джентрификация әдістері талданады. Далалық зерттеу, сипаттау, салыстыру әдістері қолданылады. Приозерск қаласы мысалында посткеңестік қаланың құлдырауы мен қайта құрылуындағы мәдени жадтың рөлі, ревитализация, реновация және джентрификация тәсілдері сараланады.

Зерттеу кезіндегі тағы бір маңызды әдістемелік негіз — «жарақатты (травмалық) жады» мәселесі. Жарақат туралы психологиялық, әлеуметтік, антропологиялық зерттеулер өте көп. Дегенмен, американдық тарихшы және мәдениеттанушы Кэти Карут жарақатты өткен шақпен, бүгінгі күнмен байланыстырмайды. Оның ойынша, жарақат өткен шақтың бүгінгі күні өмір сүруін жалғастыратын байланыс тәсілі ретінде қарастырады. Жарақатты қайта қарастыру тәсілі ретінде — нарративті алады [16; 3]. Карут жарақаттық сезімді айтуды, жарақаттық жадыны қайта ашуды абсолюттендіреді. Оның ойынша, ол естелікті жаңғыртуға және түсінуге мүмкіндік береді деп санайды.

Зерттеу барысында далалық зерттеу нәтижелері пайдаланылды. Атап айтқанда, бақылау, қаланың инфрақұрылымын сипаттау, мұрағаттық материалдардағы қала кеңістігі мен қазіргі кездегі қала бейнесін салыстыру және нарратив әдіс.

### *Нәтижелері*

***Приозерск қаласын ревитализациялау және реновациялау үрдістерінің жүзеге асырылуы.*** Қазіргі заманғы қала — бұл кеңістіктің кеңістігі емес, ол кеңістіктегі адами, ақпараттық, логистикалық, мәдени және басқа ағындардың кеңістігі. Қалалық кеңістік тұрақтылық пен өзгерісті, ашықтық пен орталықтандыру сипаттамаларын біріктіреді [17]. Қала адамдарының ғылыми және шығармашылық қызметтерінің нәтижесінде құрылған, әлеуметтік-мәдени аумақтық, кеңістіктік орында және ағындардың динамикалық ашық жүйесі болып табылатын жасанды тіршілік ету ортасы. Зерттеуші Е. Перциктің гипотезасына сүйене отырып, қаланы табиғи (экологиялық), әлеуметтік (материалдық және ақпараттық), мәдени (білім мен ғылым) кеңістік ретінде қабылдауға болады. Дегенмен, әр қаланың өзіндік тарихы бар.

ХХІ ғасырда посткеңестік қалалар жартылай немесе толық өзгеріске ұшырады. Мемлекеттік стратегиялық даму идеологиясына сәйкес тарихи, мәдени барабарлықты сақтай отырып бәсекеге қабілетті аумақтарды жасау маңызды шаралардың бірі болды десем қателеспеймін. Қаланың тарихи бөлігіндегі кез келген өзгерістер көбінесе біз қалағандай дұрыс және оңай жүрмейді. Ол бірнеше кезеңді басынан өткізеді. Дегенмен, аумақтарды сипаттау үшін табиғи және мәдени ландшафт немесе қалалық кеңістік ұғымдары қолданылады. Әдетте қалалық кеңістік келесі түрлерге бөлінеді: өнеркәсіп, өндіріс, сауда, бизнес, мәдениет, рекреация, тарихи-мәдени мұра, сәулет құрылысы және

тағы басқалары. Қалалық кеңістіктің жаңаруы және сапасын арттыру тозығы жеткен ғимараттар мен құрылыстарды, көшелерді, жолдарды қалпына келтіруді, технологиялық қамтамасыз етуді, жалпы аббаттандыруды білдіреді. Бұл ревитализациялау және реновация деп аталады.

Осы ревитализация және реновация үрдісінің көріністерін Приозерск қаласы тұрғысынан зерделеп көрелік. Ревитализация және реновация үрдісі тек қалалық кеңістікті жаңартумен ғана байланысты емес, бұл үрдістер халықтың, елдің тарихындағы жасырылған жарақатты естеліктерді қайта жаңғырту үшін қолданылады. Жарақат жадыны аша, ақиқатын көрсете отырып, аумақтық кеңістіктің тарихи-мәдени мұрасы ретінде қабылдап, аумақтың жаңа келбетін жасау үрдісі үшін қолданылатын тәсіл деп айтуға болады. Қазақстан кеңістігі кеңестік өкіметтің орнауымен байланысты жарақатты жады (қуғын-сүргін орындары, полигон, жазалау орындары, соғыс және басқалары) көп орын алады. Халықтың туған жерінен қуылған және денсаулығына, табиғатына зақым әкелген ең үлкен жарақатты жады — полигон. Сарышаған әскери полигонының әкімшілік-басқару орталығы болған Приозерск қаласы туралы мәліметтер көп емес. Оның себебі, Кеңес Одағы кезеңінде Приозерск әскери құпиясы мол жабық қалалардың бірі болды.

### *Пікірталас*

**Полигонның және қаланың пайда болуы.** Приозерск қаласының пайда болу тарихы өте тереңде жатыр. Қала өмірін екі кезеңге бөлуге болады: 1990 жылға дейін және 1990 жылдан кейін. Барлық ресми деректерде Приозерск Қоржынтүбек түбегінің маңында орналасқан деп айтылады. Көнені көрген жергілікті тұрғынның пікірі бойынша «Приозерск қаласы Қоржынтүбек орнына тұрғызылған». Аталған мекен 1956 жылы толығымен тегістеліп, орнына жаңа қала тұрғызылған. Қоржынтүбек ауыл мекені ашаршылық кезеңдерінде елді аман алып қалған құтты мекен деп айтылады. Адамдар балық аулаумен айналысу арқылы ашаршылықпен күрескен [18]. Қоржынтүбек елді мекенінің негізгі кәсібі — балық аулау, бау бақша, мал шаруашылығы болған.

1956 жылдың жазында кеңес өкіметінің әскери жергілікті мекенге «Полигон №10» деген зымыранға қарсы қаруды сынауға арналған сынақ орны тұрғызылады. Мұрағаттық материалдар бойынша, Приозерск қаласын тұрғызу үшін Одессадан Сарышаған кентіне 13 адам келген: әскери инженерлер және құрылысшылар. Бұл топты Екінші дүниежүзілік соғыстың қатысушысы, полковник Александр Гуденко басқарған. Александр Гуденконың пікірінше, Приозерск бұл Бетпақдала шөлінде салынған алғашқы Мемлекеттік ғылыми-зерттеу полигоны. Приозерск әскери адамдар, ғалымдар мен зерттеушілерге, құрылысшыларға және олардың отбасына өмір сүру үшін салынған қала болып саналады. Ал полигонның нақты қай жерде орналасқанын қазірдің өзінде нақты мәлім емес. Дегенмен, мұрағат деректері бойынша полигонның орналасу картасына жауаптылар геодезист Григорий Кастылев, құрылысшы инженер Григорий Лебединский, инженер подполковник Диодор Яблонский және жетекші Александр Гуденко болған. Карта еш жерде сақталмаған. Алайда Ж.К. Кеңесовтің жеке мұрағаттық деректеріне сүйенсек, «полигон Балқаш көлінің Қоржынтүбегінен бастау алып бір шеті Мойынқұм, Бетпақдала, Нарын құмға, Ақзырға дейін созылған» [19; 12].

Кастылевтің естеліктерінде Қоржынтүбек, Бетпақдала құрғақ, желі қатты, қысы суық шөл дала ретінде сипатталған, ал Кеңесовтің жазбаларында «Қоржынтүбек жерінде — қалың қамыс, жыңғыл, дүзген және тағы басқа өсімдіктер өссе; ал Бетпақдалаға қарай шөптің неше алуан түрі: балыш, изен, боз жусан, мортық, ақселеу, ебелек, күйреуік, ақтеріскен, қурай, қараған, сұңғыла, ақ ши, жантақ және тағы басқа дала өсімдіктері өскен. Тораңғы деген ағаш және қызуы тас көмірдей мықты сексеуіл өседі. Кезінде бұл мандалада мыңдаған ақбөкендер өрген, мүйізі қарағайдай арқар жүрген, қоян, қарсақ, түлкі, қасқыр мекен еткен. Балқаш көлінде балықтың бекіре, жайын, сазан, ақ балық, көксерке, беріш, табан, тыран, торта, маринка және басқа түрлері болған. Көктемде құстардың келуі және күзде қайтуы Балқаш көлінің Қоржынтүбек аумағын құс базарына айналдырған. Бетпақтың шөлейтінде дуадақ құс ұя салған. Балабан, сұңқар, ителгі және үкі бұл өңірді ертеден мекен еткен» [19; 13]. Алайда, «СОКП Орталық Комитетінің 1956 жылдың 30 шілдедегі № 170 шешімімен және КСРО Министрлер кеңесінің 1956 жылдың 30 шілдедегі № 171 қаулысының негізінде әуе шабуылына қарсы қорғаныс сынақ «Сарышаған полигоны» және № 10 Мемлекеттік ғылыми зерттеу орталығы құрылды. Полковник А. Гуденко бастаған № 19313 әскери бөлім Балқаш көлінің маңындағы Ақмамық және Қоржынтүбек елді мекендеріне әскери техникалары мен құрылыс материалдарын әкелді. Осы жерлердің қазақи атаулары ешқандай құжатпен бекітілмегендіктен және еш жерде тіркелмегендіктен алғашқы келген әскерилер тілге жеңіл әрі әскери құпияны ашпау мақсатында полигонға «А» және әскери бөлімше нөмірі берілді. Полигонның әкімшілік орталығы салынып

болысымен Қоржынтүбек атауын Көктас бекетіне ұқсатып Көктас кенті деп атады. Полигондар қатаң бақылауға алынғандықтан қала сырт адамдарға жабық болды. Қала кіреберісіне бақылау бекіністері орнатылды» [20].

Кенесовтің Қоржынтүбек мекені туралы жазбалары полигонның қазақ үшін жарақатты жады екенін көрсетеді. Себебі, полигон табиғи, мәдени ландшафты құртты, халықтың күнделікті тұрмысына зиян келтірді. Кенесовтің жазбаларында Қоржынтүбек пен Балқаш маңындағы мәдени ландшафт туралы тұжырымдары өте көп, әсіресе, осы даладағы зерттеліп үлгермеген балбал тастар мен петроглифтердің жойылғандығы қазақ мәдениеті мен тарихының бір бөлігінің жойылғанын білдіреді.

Приозерск қаласының алғашқы бейнесін төменде көрсетілген суреттен көруге болады (1-сурет).



1-сурет. Приозерск қаласының алғашқы бейнесі (Сурет 1972 жылы беймәлім суретшімен салынған. Суретті жергілікті тұрғын Б.М. Геворгизов сақтап қалған, қазіргі кезде музейде сақталған)

Полигон құрылысы мен ғылыми-зерттеу жұмыстарын генерал-лейтенант Г.В. Кисунько, академиктер П.Д. Грушин, А.Л. Минц, В.В. Бункин, авиақұрылысшы С.А. Лавочкин және генерал-лейтенант М.И. Трофимчук атқарды (2-сурет).



2-сурет. Сарышаған полигоны мен Приозерск қаласы құрылысының жетекшілері (сурет Сарышаған полигоны тарихы мұражайының дерекқорынан)

Полигон және қала құрылысы аяқталысымен зымырандарды ұшыру сынақтары жүргізіле бастады. Полигонда 1961 жылы әлемде алғашқы рет баллистикалық оқтұмсық атып түсірілді және бес ядролық жарылыс жасалды. Бұл әдісті АҚШ тек 23 жыл өткеннен кейін ғана қайталай алды деген тұжырым бар. 1963 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі төралқасының Жарлығымен Көктас кенті облыстық маңызы бар қала ретінде қайта құрылып С. Дороховтың ұсынысы бойынша Приозерск аты берілді [20]. Полигон және ғылыми зерттеу орталығы әлемдік маңызы бар үлкен жобаларды жүзеге



асырды. Өндірістік, экономикалық тұрғыдан аумаққа үлкен табыс әкелсе де, экологиялық тұрғыдан үлкен зиян келтіргені анық.

**Приозерск қаласының инфрақұрылымы және оның туристік нысанға айналуы.** Туризм әлеуметтік-экономикалық құбылыс ретінде екі негізгі компонентті қамтиды: рекреациялық ресурстар және оларды пайдалану үшін қажетті инфрақұрылым. Қалалық кеңістікте рекреациялық ресурстардың негізгі түрлерінің бірі сәулет нысандары және олармен байланысты тарихи-мәдени жады. Олардың сақталуына мемлекеттік және аймақтық заңнама, қоғамдық ұйымдар, жергілікті әкімшілік деңгейінде көп көңіл бөлінеді. Тарихи сәулет ескерткіштерін сақтау және қалпына келтіру туристік ағымдарды көбейту жолы ғана емес, бұл кейінгі ұрпаққа мұра ретінде қалатын мәдени, тарихи мұраны көру мүмкіндігі. Бұл адамзаттың өткенге деген саналы ризашылығы мен мәдениет деңгейінің көрсеткіші. Ғимараттар сәулет өнерінің туындысы ретінде ғана емес, мәдени, ұжымдық, тарихи жады. Приозерск қаласының құрылысы ұжымдық тарихи жарақатты жады болып табылады.

Приозерск қаласы үлкен өзгеріске ұшырады, қала толық жаңашаланды деп айта алмаймыз. Дегенмен, әскери қала біртіндеп туристік нысанға айналып келе жатқаны анық. Бұл қаланың сақтаған өзіндік сәулет ескерткіштері, тарихи нысандары және ең бастысы Балқаш көлі. Тарихи сәулет ескерткіштеріне жеке-жеке тоқталып кетейік.

Кенес өкіметі құлағанға дейін Приозерск қаласы толығымен Ресейдің қарамағындағы әскери құрам мен оның отбасына арналған қала болды. Бірнеше әскер бөлімшелері қаланың негізгі нысанына айналды. Полигонда сәтті сынақтар өткен сайын қала өркендей берді. Қала тұрғындарына арналған әртүрлі маңызды нысандар салынды. Қала 2000 жылдың басына дейін жабық қала болды. ұзақ жылдар бойы Приозерск қаласы ешқандай картада көрсетілмеді. Қалаға кіру үшін арнайы рұқсат керек болды. Адамдардың жеке құжаттары мен көліктері арнайы тексерістен өткізіліп, тіркеуге алынғаннан кейін ғана қалаға кіруге рұқсат алған. Жабық қала бола тұра қала тіршілігі қарқынды дамыды.

Приозерск қаласына ұшақтар қонатын, бірақ, аэропорттың аты шифрланғандықтан, халық арасында әуе айлағы «Камбала» деп аталған. Қалаға 6 км жетпей бүгінгі күнге дейін белсенді жұмыс атқаратын полигон орны көрінеді (3-сурет). Бұл полигонды Ресей жартылай жалға алып отыр, жартылай қазақстандық қызметкерлер жұмыс жасайды.



3-сурет. Қазіргі кездегі полигон (бұрынғы полигоннан қалған бөлігі)

Қаланың инфрақұрылымы қала кеңістігінің стандарттарына сәйкес дамыды. Приозерск қаласында келесі азаматтық және әскери нысандар салынған: 45 әскери қалашық, оның тоғызы қала тұрғындарына арналса, ал қалғандары ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін салынған. 374 тұрғын үй, 8200 пәтер, 18000 солдатқа арналған 77 жатақхана, 86 қонақ үйі, 4 орта мектеп және үлкен пионерлер үйі, 2500 орынды балабақша, 26 клуб және арнайы офицерлер үйі, 60 асхана және тұрмыстық қажетті дүкендер мен басқа нысандар салынған [20]. Бүгінгі күнге дейін Приозерск қаласының көрікті жерлерінің бірі ретінде пионерлер және офицерлер үйі сақталған.

Кенес Одағы тарағаннан кейін ресейлік әскери қызметкерлер өз елдеріне оралды. Полигон қаңырап бос қалды. Жергілікті тұрғындардың пікірі бойынша, Ресейдің негізгі әскері көшкенде әскери техникаларды алып кете алмағандықтан, полигонның құпиясын ашпау үшін әдейі өртеп,

киратып кетті деген тұжырым бар. Қала қаңырап бос қалған соң тонаушылар оны тонап кетті деген де пікірлер бар.

Қазақстан Тәуелсіздік алғаннан бастап Сарышаған полигоны қайта іске қосыла бастады, Приозерск қаласы Қазақстан территориясына берілді. Екі елдің келісімімен Приозерск қаласы Ресей әскеріне 50 жылға жалға берілді. Полигон құпия түрінде өз ісін әрі қарай жалғастыра берді. Әртүрлі жерлерден полигонға жұмыс істеуге қазақ азаматтарын жұмылдыра бастады.

1992 жылдың қысында Приозерск қаласында ауқымды төтенше жағдай орын алды. Полигондағы сәтсіз жарылыстың салдарынан қала толығымен сусыз, жарықсыз және жылусыз қалды. Қалаға жан-жақтан келген тұрғындар мен ресейлік әскери азаматтар үшін бұл үлкен қайғылы жағдай болды, бос қалған үйлердің су, жылу, жарық құбырлары жөнделмеді, сол себепті қираған үйлерді бүгінде көруге болады.

Қаланы қайтадан қалпына келтіру мақсатында 1993 жылы қала әкімшілігіне қазақ азаматы отырғызылды. Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың шет елдерде жүрген қандастарымызды отанына қайтару жобасы аясында Приозерск қаласына Өзбекстанның Бұхара, Науаи облыстарындағы қазақтарды арнайы КАМАЗ көлігін жіберіп көшіріп әкелген. Ең алғашқы қандастар 1995 жылы осы мекенге келіп қоныстанған. Мемлекет тарапынан қандастарға барлық жағдай жасалды, алайда, қираған қала одан әрі қирай түсті. Жұмыссыздықтың салдарынан бос қалған үйлерді бұзып, құрылыс материалы ретінде, полигоннан қалған металдар қазылып, күн көріс көзі ретінде сатылды. Алғаш салынған көптеген үйлер мен ғылыми зерттеу институттары толық қиратылды. Орындары бос қалды. 2005 жылға дейін қала шартты түрде жабық болды. Қалаға кіреберістегі бақылау бекінісі 2009 жылға дейін жұмыс атқарды. Қала толық ашылғаннан кейін қала кіреберісіне арқардың (4-сурет) және шағала құсының ескерткіштері қойылды (5-сурет).



4-сурет. Қала кіреберісіндегі арқар ескерткіші



5-сурет. Қала кіреберісіндегі шағала құсының ескерткіші

Бұл ескерткіштер қала үшін символдық мағынаға ие. Мұрағаттық дерекөздер бойынша осы Бетпақдаланы арқарлар мекендеген және шағала құстары Балқаш көлінің сәні болған. Сондықтан екі жануарды қаланың нышаны ретінде көрсеткен.

Қаланың тарихи болмысын сақталғанын айқындайтын тағы бір ескерткіштер — спутниктер ескерткіші және ракеталар.

Ескерткіштер полигоннан қалған қалдықтардан тұрғызылған. Осы спутниктер арқылы аспандағы зымырандарды, ұшақтарды анықтаған. Мысалы, алтыншы сурет жер қойнауынан ұшқан ракеталардың бейнесін көрсетеді. Жер қызғалдақ гүліндей ашылып бірінің соңынан бірі ұшқан ракеталарды бейнелейді. Ескерткіштердің авторлары белгісіз. Ескерткіштер полигон қалдықтарынан жасалған. Үш ескерткішті реновация үрдісі деп санаймын, себебі, тарихи мұраны сақтай отырып, полигонның қалдықтарын қолдана отырып, қаланың естелік орындарын жасаған.

Қазіргі кезде қала толығымен ашық қала қатарына жатады. Алайда, әлі күнге дейін полигон өз қызметін жалғастыруда. Қала тұрғындарының арасында әлі күнге дейін әскери қалашық деп аталады. Себебі екі елдің, яғни ресейлік және қазақстандық бөлімшелер жұмыс жасайды. Тұрғындардың пікірі бойынша қала бүгінгі күнге дейін екіге бөлінеді: ресейлік және қазақстандық. Бұл әскери

бөлімшелерге байланысты. Әсіресе, қала кеңістігінде сақталған ескерткіштерге және ашық аспан астында орналасқан әскери техника музейімен де байланысты.

Алтыншы суретте көрсетілген ескерткіш Балқаш көлінің маңында орналасқан. 1968 жылы құлаған ұшақ пен оның экипажына арналған монумент. Монументтің астындағы постаментке ұшақта болған ұшқыштардың аттары жазылған. Ашық аспан астындағы әскери техника музейі қала мұнарасы алдындағы саябақта орналасқан. Ол жерден әртүрлі ракеталарды, ұшақтарды, ауыр техникаларды көруге болады. Жыл сайынғы сынақтан өткен ракеталар мен ұшақ түрлері қойылған (6-сурет).



6-сурет. Ұшқыштарға арналған монумент

Приозерск қаласының кеңістігін ревитализациялау және реновациялау үрдісі жоғарғы деңгейде дамуда деп айту қиын. Қаланы жаңарту жұмыстары аз мөлшерде жүргізілуде. Қираған ғимараттардың орнына көп қабатты жаңа тұрғын үйлер салынды. Алайда ескі үйлер толық жаңартылған жоқ. Әкімшіліктің пікірі бойынша, оған үлкен қаржы керек, сондықтан, жаңа тұрғын үйлер тұрғызған жеңіл деп саналады. Бір жағынан бұл тарихи-мәдени мұраны сақтап қалу үрдісі деп те түсінуге болатын шығар. Шын мәнінде, қаланың тарихи келбетін сақтап қалу қиын. Өйткені, қазіргі кезде ескі қаланы көрген тұрғын жоқ деп айтуымызға болады. Барлығы көшіп келгендер. Қаланың басым бөлігін шет елдерден келген қандастар құрайды. Олар қала тарихын білмейді. Қала тарихы туралы мәліметтер де көп сақталмаған, құпиялы болғандықтан барлығы жойылған. Дегенмен, бүгінгі күнге дейін сақталған ғимараттарда аз емес. Қаланың тарихи-мәдени мұраларына келесі ғимараттар жатады: «Россия» қонақ үйі (7-сурет), Пионерлер үйі (8-сурет), Офицерлер үйі (9, 9.1-суреттер).



7-сурет. «Россия» қонақ үйі

Суреттегі ғимарат бас алаңда орналасқан. Сырттан келген әскери меймандарға арналған ең алғашқы қымбат қонақ үйлердің бірі болды. Қала қиратылған уақытта бұл ғимараттың да жылу, жарық жүйелері үзіліп, ұзақ уақыт жабық тұрды. 1996 жылдары қайта қалпына келтіріліп, қазіргі



кезде жарты бөлігі тұрғын үй ретінде қандастарға берілсе, жарты бөлігі қонақ үй функциясын атқарады. Ғимараттың сырт келбеті сол күйінде сақталған, тек «Россия» деген жазу жоқ.

Келесі маңызды ғимарат — Пионерлер үйі. 1981 жылы тұрғызылған типтік ғимарат. Жалпы көлемі — 6908, 4 шаршы метрді құрайды. Балаларға арналған шығармашылық үйірмелер мен білім орталықтары, концерт залы бар үлкен ғимарат. 2014 жылы ғимаратқа реконструкция жасалды. Ғимараттың функционалдық қызметі ауысқан жоқ. Қазіргі кезде Приозерск қаласының «Достық» Балалар және жасөспірімдер шығармашылық орталығы» ҚМҚМ (8-сурет).



8-сурет. Пионерлер үйі (Сурет мұрағаттан алынды)

Тағы бір маңызды көрікті жер және тарихи-мәдени мұра болып саналатын орын — горнизонды офицерлер үйі (9, 9.1-суреттер).



9-сурет. Горнизонды офицерлер үйі



9.1-сурет. Горнизонды офицерлер үйі (мұрағаттық үйі, қазіргі кездегі фото)

Горнизонды офицерлер үйі қаланың бас алаңында орналасқан. Бұл полигон орталығы Приозерск қала тұрғызылғанда салынған ғимарат. Мемлекеттік, халықаралық жиындар мен маңызды шешімдер қарастыратын орын ретінде салынған. Қазіргі күні де ғимарат өзінің функционалды қызметін жоғалтқан жоқ. Әскери ашық және жабық іс-шаралар ұйымдастырылады. Ресейлік және қазақстандық әскер басшылары тең қызмет атқарады. Бұл ғимарат полигон туралы құпия маңызды ақпаратты сақтайтын мекеме болып табылады. Аталған ғимаратта «Сарышаған полигонының тарихы музейі» орналасқан. Бұл музейге арнайы рұқсат қағазбен ғана кіруге болады.

Ғимараттың түр пішіні бүгінгі күнге дейін өзгерген жоқ. Алайда, алдында тұрған Ленин ескерткіші Кеңестік Армия бульварының бас жағына ауыстырылды (*Ленин ескерткіші қиратылған жоқ, сол күйінде сақтаулы*). Ленин ескерткішінің орнына қала бизнесмендері фонтан орнатып, «Мимино» кинофильмі кейіпкерлерінің мүсінін қойған. Қоғамдық үлкен іс-шаралар осы алаңда өткізіледі.

Приозерск қаласы бүгінгі күннің өзінде екіге бөлінген, ресейлік және қазақстандық Приозерск. Осыған байланысты ресейлік орта мектеп, ресейлік балабақша, ресейлік банк қызмет етеді.

Жоғарыда айтылған мәліметтерге сәйкес байқағанымыздай қала кеңістігін ревитализациялау мен гимараттарды реновациялау және джентрификация үрдісі Приозерск қаласының жаңадан қалпына келтіруінде үлкен көрініс тауып отыр.

Әскери қаладан туристік нысанға айналу үрдісінде джентрификация әдісі орын алған. Қаланың жекелеген аймақтарын толық өзгерту, жаңа бағытта дамыту Приозерск қаласы үшін үлкен жаңалық. Бұл экономикалық, әлеуметтік және мәдени тұрғыдан қаланың дамуына септігін тигізеді. Приозерск қаласының үлкен мақтаншы Балқаш көлінің екі түрлі жағалауында орналасуы: бір жағасы тұщы су, екінші жағасы тұзды; бір жағасы құмды, екінші жағасы тасты. Бұл да көлдің бір ерекшелігі болып саналады. Туристердің келуіне себепші болып отырған, ол — «Балқаш» емдеу-сауықтандыру шипажайы. Қазақстанның әрбір өңірінен келген емделушілер міндетті түрде Приозерск қаласының күнделікті өмірімен танысады. Сондықтан туристік нысан ретінде қаланы дамытуға мемлекеттік және жеке меншік бизнес өкілдері тарапынан да инвесторлар табылатыны анық. Қаланың территориясында орналасқан шипажай мен алтын шығаратын жер қойнауы фабрикасы «Ер-Тай» ЖШС Жамбыл облысының әкімшілігіне бағынышты. Екі әкімшілік тарапындағы шиеленістер қаланың туристік нысан ретінде және инфрақұрылымының дамуына кедергі келтіруде. Бұл мәселе мемлекеттік тұрғыда шешілуі керек мәселе деп түсінеміз.

Жоғарыда айтылған мәліметтерге сәйкес Приозерск қаласының ХХІ ғасырдағы қала талаптарына сай даму мүмкіндігі жоғары. Тарихи-мәдени мұраны сақтаған туристік нысан бола алатыны анық. Сонымен қатар, Приозерск қаласын ғылым ордасы ретінде де тануға болады. Себебі, мұрағаттық деректерге сәйкес 1990 жылға дейін одақтық маңызы бар әскери ғылыми-зерттеу кеңесі жұмыс жасады. 250 ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізіліп, шамамен 800 адам кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғаған. Ғылыми зерттеу жұмысын жүргізу бойынша Сарышаған полигоны алдыңғы қатарда болған деп есептеледі.

Приозерск қаласы бойынша келтірілген мысалдар тарихи-мәдени жадты қайта жаңғыртуда қаншалықты маңызды? Шын мәніне келсек, қазіргі кездегі тұрғындар Приозерск қаласының өткен өмірі туралы жақсы ақпараттанған деп айта алмаймын. Сондықтан мұраны болашақ ұрпаққа қалдыру үшін ұжымдық, тарихи жады мәселесін мемлекеттік деңгейде зерттеу және ашық кеңістікте талқылауды қажет етеді.

### *Қорытынды*

Ревитализация, реновация және джентрификация қала және жады инфрақұрылымын қайта қалпына келтіру немесе жандандыру үрдісі үшін тиімді құрал болып табылады. Бұл әлеуметтік-гуманитарлық ғылым саласы үшін де маңызды. Өйткені, қалалық кеңістік — қоғамдық өмірдің орталығы. Ол тарихты, мәдениетті сақтайды және тасымалдайды. Оны уақыт талабына сай үнемі жаңартып, түрлендіру қажет. К. Линч айтқандай: «қала құрылысы, тарихи жады сәулет өнеріне ұқсас ұзақ уақыт ішінде ғана қабылданатын нысан» [21, 15].

Зерттеу барысында қолданылған мұрағаттық материалдар мен далалық зерттеулер қаншалықты ақиқат? Бұл жерде маңыздысы өткенді есте сақтау үшін және оны қайта таныстыру үшін нарративті қалай пайдаланатынымызды дұрыс түсіну. Зерттеу барысында жадты сақтаушы немесе тасымалдаушы, оны зерттеуші акторлар кім, соны пайымдау.

Әрине, Приозерск қаласы жады орны, ұжымдық жад ретінде бірінші рет зерттеліп отыр. Мақалада қала кеңістігінің инфрақұрылымын жасауда тарихи жадтың сақталу үрдісінің жүргізілуіне зейін қойылды. Далалық зерттеу нәтижесі бойынша Сарышаған полигонының орталығы болған Приозерск қаласының посткеңестік жағдайына инфрақұрылымдық талдау жасалды. Нәтижесінде Приозерск қаласы бойынша келесі тұжырымдар жасалды: 1) полигон орталығы, 2) әскери қала, 3) құпиялы жабық қала, 4) туристік қала. Тарихи, ұжымдық жадты сақтай отырып посткеңестік қаланың қайта құрылу үрдісін іске асырудағы ревитализация, реновация, джентрификация әдіс, құрал ретінде сараланды.

Қазақстан үшін жад инфрақұрылымын зерттеуде колониалдық ретінде қабылданатын кеңестік дәуірден қалған естеліктер постколониалдық зерттеуді қажет етеді. Приозерск қаласы постколониалды қала ретінде осы мақаланың зерттеу нысанына айналды. Сарышаған полигоны мен Приозерск айналасындағы табиғи ландшафт пен мәдени мұралар антропологиялық және археологиялық зерттеуді қажет етеді. Туған жер бағдарламасы аясында өз жалғасын табады деп сенемін.

*Алғыс білдіру*

Приозерск қаласы мен Сарышаған полигонының тарихы туралы материалдарды жинақтауға көмектескен Приозерск қаласының мұрағат ұжымына, Приозерск қаласының қазақ орта мектебіндегі «Приозерск тарихы музейінің» директорына алғыс білдіремін.

*Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің № AP14870269 «Жады инфрақұрылымы: Қазақстанның мәдени ландшафтарын ревитализациялау» атты жобасы аясында дайындалды.*

Әдебиеттер тізімі

- 1 Өңірлерді дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік режимі: <https://primeminister.kz/assets/media/gosudarstvennaya-programma-razvitiya-regionov-na-2020-2025-gody.pdf>.
- 2 Қазақстан Республикасының 2007-2024 жылдарға арналған орнықты дамуға көшу тұжырымдамасы туралы. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік режимі: [https://adilet.zan.kz/rus/docs/U060000216\\_/compare](https://adilet.zan.kz/rus/docs/U060000216_/compare).
- 3 «Қуатты өңірлер — ел дамуының драйвері» Ұлттық жобасы. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000729>.
- 4 Қазақстан географиялық атауларының сөздігі (Жезқазған облысы) / Қазақ ССР Ғылым акад.; Тіл білімі ин-ты; жауапты ред. Т. Жанұзақов. — Алматы: Ғылым, 1990. — 294 б.
- 5 Қарағанды облысы: кітап-альбом / ред. А. Абдулин. — Алматы: ТАиС, 2006. — 284 б.
- 6 Латур Б. Нового Времени не было. Эссе по симметричной антропологии / Б. Латур; пер. с фр. Д.Я. Калугина; под науч. ред. О.В. Хархордина. — СПб.: Изд-во Европ. ун-та в Санкт-Петербурге, 2006. — 240 с.
- 7 Star L. Steps Toward an Ecology of Infrastructure: Design and Access for Large Information Spaces / L. Star, K. Ruhleder // Information Systems Research, 1996. — 7. — 1. — 111–134.
- 8 Bowker G.C. Science on the run: Information management and industrial geophysics at Schlumberger, 1920–1940 / G.C. Bowker. — MIT Press, 1994. — 200 s.
- 9 Larkin B. The Politics and Poetics of Infrastructure / B. Larkin // Annual Review of Anthropology, 2013. — 42. — 327–343.
- 10 Lees L. Gentrification. Routledge / L. Lees, T. Slater, E. Wyly. — 2008.
- 11 Latour B. Pandora's hope: essays on the reality of science studies / B. Latour // Harvard University Press, 1999.
- 12 Медеуова К. Инфраструктурный подход в исследовании культурных ландшафтов / К. Медеуова // Немонифа. — 2023. — № 5. — С. 6–12.
- 13 Сергеева О.В. Становление социальных исследований инфраструктур (Л. Стар, Дж. Боукер, Б. Ларкин) / О.В. Сергеева // Петербургская социология сегодня. — 2021. — № 15. — С. 54–70.
- 14 No Gentry? Джентрификация: за и против. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://pragmatika.media/no-gentry-dzhentrikacija-za-i-protiv>.
- 15 Глазычев В.Л. Город без границ / В.Л. Глазычев. — М.: Изд. дом «Территория будущего», 2011. — 400 с.
- 16 Caruth C. Unclaimed Experience: Trauma, Narrative and History / C. Caruth, 1996. — Baltimore.
- 17 Перцик Е.Н. Города мира: география мировой урбанизации / Е.Н. Перцик. — М., 1999. — 210 с.
- 18 Қарабектегі Н. Қоржынтүбек — құт мекен / Н. Қарабектегі. — Балқаш, 2007. — 122 б.
- 19 Кенесов Ж.К. Отан қалқаны: Сарышаған полигонының 50-жылдығына арналады / Ж.К. Кенесов. — Приозерск, 2006. — 208 б.
- 20 Сарышаған полигоны тарихы мұражайының қорынан материалдар. — Іс. 12. — П. 8-13.
- 21 Линч К. Образ города / К. Линч; пер. с англ. В.Л. Глазычева; сост. А.В. Иконников; под ред. А.В. Иконникова. — М.: Стройиздат, 2002. — 328 с.

К.С. Ермагамбетова

**Культурфилософский анализ городского пространства города Приозерска: от полигонного центра к возрождению культурной и исторической памяти**

Города, которые когда-то служили военными или промышленными узлами, часто сталкиваются с потребностью адаптироваться к новым реалиям после ухода или сокращения этих деятельностей. Приозерск прошел через подобные изменения. Это место стало свидетельством силы и страха

полигонного века, но с распадом Советского Союза и прекращением полигонных испытаний Приозерск стоит перед задачей переосмысления своего места в истории и культуре. Пространство города Приозерска так же, как и многие другие постсоветские города, несет в себе следы тяжелого прошлого, то есть травматическую память. Полигонные испытания, проводимые на территории города, оставили отпечаток не только на физическом уровне пространства, но и на культурной памяти жителей. В настоящее время город стоит перед задачей обновления своего облика, сохраняя при этом культурно-историческое наследие и культурные традиции. В связи с этим в настоящей статье автор предприняла попытку описать «социальное чувство» города как центра полигона, как секретного и закрытого города, как военного города, как туристического объекта. Для создания и описания инфраструктуры города и памяти автор рассмотрела ревитализацию, реновацию и джентрификацию как подход, инструмент и метод. Результаты полевых исследований позволяют получить представление о текущем состоянии инфраструктуры города и сохранении исторической и культурной памяти местными жителями. Процесс реконструкции города Приозерска требует комплексного подхода, учитывающего как историко-культурное наследие, так и потребности жителей. Особое внимание уделено сохранению и возрождению культурной памяти в контексте государственной культурной политики.

*Ключевые слова:* инфраструктура города, ревитализация, реновация, джентрификация, историческая память, культурная память, инфраструктура памяти.

K.S. Yermagambetova

## Cultural and philosophical analysis of the urban space of the city of Priozersk: from the polygon center to the revival of cultural and historical memory

Cities that once served as military or industrial hubs often face the need to adapt to new realities after the withdrawal or reduction of these activities. Priozersk has gone through similar changes. This place has become a testament to the strength and fear of the landfill age, but with the collapse of the Soviet Union and the cessation of landfill testing, Priozersk faces the task of rethinking its place in history and culture. The space of the city of Priozersk, as well as many other post-Soviet cities, bears traces of a difficult past, that is, traumatic memory. The landfill tests conducted on the territory of the city left an imprint not only on the physical space, but also on the cultural memory of the residents. Currently, the city is facing the task of updating its appearance, while preserving its cultural and historical heritage and cultural traditions. In this regard, in this article, the author tries to describe the “social feeling” of the city as the center of the landfill, as a secret and closed city, as a military city, as a tourist object. To create and describe the infrastructure of the city and memory, the author considers revitalization, renovation and gentrification as an approach, tool and method. The results of field research allow us to get a picture of the current state of the city's infrastructure and the preservation of historical and cultural memory by local residents. The process of reconstruction of the city of Priozersk requires an integrated approach that takes into account both the historical and cultural heritage and the needs of residents. Special attention is paid to the preservation and revival of cultural memory in the context of state cultural policy.

*Keywords:* city infrastructure, revitalization, renovation, gentrification, historical memory, cultural memory, memory infrastructure.

### References

- 1 Onirlerdі damytudyn 2020–2025 zhyldarga arnalgan memlekettik bagdarlamasy [State program of regional development for 2020-2025]. (n.d.). Retrieved from <https://primeminister.kz/assets/media/gosudarstvennaya-programma-razvitiya-regionov-na-2020-2025-gody.pdf> [in Kazakh].
- 2 Qazaqstan Respublikasynyn 2007-2024 zhyldarga arnalgan ornıqty damuga koshu tuzhyrymdamasy turaly [On the concept of transition to sustainable development of the Republic of Kazakhstan for 2007-2024]. (n.d.). Retrieved from [https://adilet.zan.kz/rus/docs/U060000216\\_/compare](https://adilet.zan.kz/rus/docs/U060000216_/compare) [in Kazakh].
- 3 ”Quatty onirler — el damuynyn draiveri” Ulıtyq zhabasy [National project “Strong regions — the driver of the country's development”]. (n.d.). Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000729> [in Kazakh].
- 4 Zhanuzaqov, T. (Ed.). (1990). Qazaqstan geografıialyq ataularynyn sozdigi (Zhezqazgan oblysy) [Dictionary of geographic names of Kazakhstan (Zhezkazgan region)]. Almaty: Gylm [in Kazakh].
- 5 Abdulin, A. (Ed.). (2006). Qaragandy oblysy: kitap-albom [Karaganda region: book-album]. Almaty: TAiS [in Kazakh].
- 6 Latur, B. (2006). Novogo Vremeni ne bylo. Esse po simmetrichnoi antropologii [There was no new time. Essay on symmetrical anthropology]. (D.Ya. Kalugin, Transl.). O.V. Kharkhordin (Ed.). Saint-Petersburg: Izdatelstvo Evropeiskogo unistituta v Sankt-Peterburge [in Russian].



- 7 Star, L., & Ruhleder, K. (1996). Steps Toward an Ecology of Infrastructure: Design and Access for Large Information Spaces. *Information Systems Research*, 7(1), 111–134.
- 8 Bowker, G.C. (1994). *Science on the run: Information management and industrial geophysics at Schlumberger, 1920–1940*. MIT Press.
- 9 Larkin, B. (2013). The Politics and Poetics of Infrastructure. *Annual Review of Anthropology*, 42, 327–343.
- 10 Lees, L., Slater T., & Wyly, E. (2008). *Gentrification*. Routledge.
- 11 Latour, B. (1999). *Pandora's hope: essays on the reality of science studies*. Harvard University Press.
- 12 Medeuova, K. (2023). Infrastrukturnyi podkhod v issledovanii kulturnykh landshaftov [Infrastructural approach in the study of cultural landscapes]. *Nemonomifa*, 5, 6–12 [in Russian].
- 13 Sergeeva, O.V. (2021). Stanovlenie sotsialnykh issledovaniy infrastruktur (L. Star, Dzh. Bouker, B. Larkin) [Formation of social research of infrastructures (L. Star, J. Bowker, B. Larkin)]. *Peterburgskaia sotsiologiya segodnia — St. Petersburg sociology today*, 15, 54–70 [in Russian].
- 14 No Gentry. Dzhentifikatsiia: za i protiv [Gentrification: pros and cons]. Retrieved from <https://pragmatika.media/no-gentry-dzhentifikaciya-za-iprotiv> [in Russian].
- 15 Glazychev, V.L. (2011). *Gorod bez granits* [City without borders]. Moscow: Izdatelskii dom «Territoriia budushchego» [in Russian].
- 16 Caruth, C. (1996). *Unclaimed Experience: Trauma, Narrative and History*. Baltimore.
- 17 Pertsik, E.N. (1999). *Goroda mira: geografiia mirovoi urbanizatsii* [Cities of the world: geography of world urbanization]. Moscow [in Russian].
- 18 Qarabektegi, N. (2007). Qorzhyntubek — qut meken [Korzhyntubek is a blessed place]. Balkhash [in Kazakh].
- 19 Kenesov, Zh.K. (2006). Otan Qalqany: Saryshagan poligonynyn 50-zhyldygyna arnalady [Shield of the Fatherland: dedicated to the 50th anniversary of the Saryshagan landfill]. Priozersk [in Kazakh].
- 20 Saryshagan poligony tarikhy murazhaiynyn qorynan materialdar [Materials from the collection of the museum of the history of the Saryshagan training ground]. — С. 12. — P. 8-13 [in Kazakh].
- 21 Linch, K. (2002). *Obraz goroda* [The image of the city]. (V.L. Glazychev, Transl.). A.V. Ikonnikov (Ed.). Moscow: Stroizdat [in Russian].